

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жақсылық А.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: **Жұмабекова Ф.Н.**, п.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры

Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл ойын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу.

Қазіргі таңда ақпараттық технологияларды мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында тиімді пайдалану арқылы балалардың іс-әрекетке қызығушылығын арттыратын түрлі оқыту бағдарламалары, әсіресе қазақ балабақшалары үшін өте тапшы. Ақпараттық технологияларды мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда пайдалану мүмкіндіктері шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектерінде дәлелденген. Шетелдік ғалымдардан зерттеген С. Паперт, Б. Хантер, Е. Н. Иванова, Н. П. Чудова, А.В.Запорожецті Л.А.Парамонова, Л.С.Новоселова, Л.Д.Чайнова басқарған зерттеушілерді және отандық ғалымдардың ішінде Г.Қ. Нұрғалиеваны айтуымызға болады.

Ақпараттық - коммуникативтік технологияны балабақшада қолдану - қазіргі кезеңдегі мектепке дейінгі тәрбиенің өзекті мәселесі болып отыр. Ақпараттық технологияларды қолдану біртіндеп мектепке дейінгі білім беру жүйесіне білім берудің аса тиімді тәсілі ретінде біртіндеп еніп келе жатыр. Бұл заманауи әдіс оқуға деген қызығушылықты арттырып, өз бетінше жұмыстануға тәрбиелеп, интеллектуалдық қызметін дамытады, қазіргі заманның рухында дамуға жол ашып, мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының оқу - тәрбие жұмысын сапалы түрде жақсартуға мүмкіндік туғызып, оның тиімділігін арттырады. Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың өзектілігі ақпараттық қоғамның қарқындылығымен, мультимедиялық технологиялар, электрондық ақпараттық қорлардың кеңінен тарауы, ұйымдастырылған іс-әрекетте, қарым - қатынас жасауда және тәрбиелеуде желілік технологиялардың мәжбүрлі қолданылуында болып отыр. Осыған байланысты АКТ–ны мектепке дейінгі оқыту процесінің ажырамас бөлігі деп сеніммен айтуға болады. Бұл балалардың жаңа ұрпағына үйреншікті және қолжетімді болып қана қоймай, сонымен қатар қазіргі заман педагогтарына өте қолайлы. АКТ - ны қолдануға педагогтың еңбек өтілі мен білімі маңызды емес, оның АКТ - ны меңгеруге ықыласы мен ұмтылысының болуы маңызды. Өз жұмысында ақпараттық технологияларды қолдану педагогке көмектеседі:

- енжар тыңдаушыларды белсенді түрде қызмет етуге тартуына;
- ұйымдастырылған іс-әрекеттің одан да көрнекі әрі жедел болуына;
- балалардың ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға;
- танымдық қызығушылық белсенділігін арттыруға;
- тәрбиешінің өзін тәртіпке шақырып, оның жұмысқа деген қызығушылығын арттыруына.
- ойлау процесін жеделдетуіне.

Бүгінгі таңда АКТ-ны пайдалану төмендегідей мүмкіндіктер береді:

- экранда ақпаратты ойын түрінде көрсетуге, бұл балалардың үлкен қызығушылығын тудыруға;

- мектеп жасына дейінгі балалардың көрнекі-бейнелі ойлауына сәйкес келетін материалды қол жетімді түрде, жарқын, бейнелі түрде ұсынуға;

- балалардың назарын қозғалыспен, дыбыспен, анимациямен аударуға;

- мектеп жасына дейінгі балалардың зерттеушілік қабілеттерін, танымдық белсенділігін, дағдылары мен таланттарын дамытуға ықпал етуге;

- балаларды проблемалық мәселелерді шешуге және қиындықтарды жеңуге ынталандыруға ықпал етеді[1].

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану педагогтің шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге және балалардың психикалық дамуының әртүрлі аспектілеріне оң әсер етеді. Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытудың дәстүрлі түрлерімен салыстырғанда ақпараттық технологиялардың ішінде интерактивті тақтаны тиімді пайдаланудың бірнеше артықшылығы бар:

- қозғалыс, дыбыс, анимация балалардың назарын ұзақ уақыт бойына аударып, олардың оқытылатын материалға деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоғары динамикасы материалды тиімді меңгеруге, балалардың есте сақтауын, қиялын, шығармашылығын дамытуға ықпал етеді;

- мектеп жасына дейінгі балалардың көрнекі-бейнелі ойлауын ескере отырып, өте маңызды материалды қабылдауға және жақсы есте сақтауға ықпал ететін визуализацияны қамтамасыз етеді;

- слайд-шоулар мен бейнеклиптер арқылы қоршаған әлемнен сол сәттерді көрсетуге мүмкіндік береді, себебі оларды үнемі бақылау қиын: мысалы, гүлдің өсуі, планеталардың Күн айналасында айналуы, толқындардың қозғалысы, жаңбырдың жауып тұруы;

- сондай-ақ күнделікті өмірде көрсету және көру қиын немесе қиын өмірлік жағдайларды (мысалы, табиғат дыбыстарын жаңғырту; көлік жұмысы және т.б.) модельдеуге болады;

- интерактивті тақта экранында ақпаратты ойын түрінде беру балалардың үлкен қызығушылығын тудырады.

Ақпараттық технологияларды қолдану балаларды зерттеу іс-әрекетіне қосуға, соның ішінде интернетті өздігінен немесе ата-аналарымен бірге пайдалануға, іздеуге ынталандырады[2].

Қазіргі уақытта білім берудің мейлінше өзекті міндеті мектеп жасына дейінгі балалардың ақпараттық-коммуникативтік мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) қазіргі заманғы балабақшаның білім беру кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік беретін мейлінше тиімді құралға айналып келеді.

Ең өзекті ақпараттық және коммуникациялық технологиялар бұл: аудио, бейне күйтабақ ойнатқыштар, мультимедиялық құралдар, сондай-ақ әр түрлі ойындар, онда балалар бірнеше тілді қатар алып жүруге үйренеді. Ұйымдастырылған іс-әрекетте ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану екі түрлі мотивацияны дамытады: өзіндік мотивация, онда беріліп отырған материал өз бетінше қызық және мектепке дейінгі жастағы балаға үйреніп жатқан тілді түсіне алатынын көрсету арқылы қол жеткізілетін мотивация. Бұл қуаныш сезімін және өзін-өзі одан әрі жетілдіруге күшіне сенімділік пен ниет тудырады. Балаларға оқыту бағдарламасын қарағаннан гөрі ертегі, әңгіме немесе танымдық фильм көрген немесе тыңдаған әлдеқайда қызығырақ. Олар осы жаңа технологиялар арқылы тілдің семантикалық негізін жылдам ұғып алады және өздері сөйлей бастайды. Әсіресе, оқыту кезінде толық ену әдісі пайдаланылса, әсері көп болады. Бұл баланың қазақ тілімен тұрақты және терең байланыс жасауын білдіреді. Бала санасының астары өте алғыр және айқын нәтиже дәл қазір көрінбесе де, бір-екі жылдан кейін баланың өте дамыған лингвистикалық қабілеттерін әбден байқауға болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тікелей білім беру қызметінде қолданылатын барлық ақпараттық құралдарды төмендегідей бөлуге болады:

- аудио;
- бейне;

-мультимедиялық құралдар.

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы - балаларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық - құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Оқыту жолдарының көптүрлілігі, олардың бірте-бірте жетілуі педагогтар алдына тиімді жолдарды анықтап, қолдану керектігі туралы күрделі мәселе қояды. Сондықтан әр педагогқа сапалы білім беру үшін көп ізденуге, жаңаша ізденуге тура келеді[3].

Ғаламтордан мен ақпараттық технологиялардың жаңа құралдарымен, соның ішінде виртуалды интерактивті тақтамен таныстым. Осыдан кейін зерттеу жұмысыма мектепке дейінгі ұйымдарда мультимедиялық-виртуалды тақтаны қолдану ерекшеліктерін қоса бастадым. Мен өзім «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығында білім алып жатырмын. Бір айта кетерлігі, қазақ тілінде қолданылатын инновациялық технология түрлері тапшы, сол үшін мен тәжірбиелік тұрғыда қолданысқа еңгізуді жөн көрдім.

Жалпы, балабақшада балалармен жұмыс кезінде виртуалды тақтаны қолдану несімен қызықты?

Балабақшада ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдаланудың, оның ішінде бейнелеу қызметін ұйымдастырудың тиімді құралдарының бірі виртуалды, интерактивті тақтаны қолдану балалар үшін өте қызықты. Виртуалды тақтаны қолдану балаларға әлемді жаңа жолмен сезінуге, оны басқа көзқараспен көруге және айналасындағы әлемнің сұлулығын жасауға үйренуге мүмкіндік береді. Сол себептен біз виртуалды тақта арқылы балалармен виртуалды экскурсия ұйымдастырып көрдік. Экскурсиямыздың тақырыбы "Біз музейге барамыз". Экскурсиямыз қызықты болуы үшін арнайы видеоэкскурсияға аудиожазба пайдаланылды. Музейге саяхатымыз аяқталған соң міндетті түрде балалармен көргенімізді жүйелеп, әсерлерімізбен бөлісіп қорытынды талқылаумен аяқтадық. Тәжірибе көрсеткендей, виртуалды экскурсияларды пайдалану мектеп жасына дейінгі балаларда қоршаған әлем туралы идеяларды қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар балалардың қызығушылығын едәуір арттыру, танымдық қабілеттерін дамыту, іздеу- зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік береді.

Осындай ақпараттық технологиялардың құралдарының тағы бірі – «Флипчарт» интербелсенді, мультимедиялық тақта. Ұйымдастырылған іс-әрекет үрдісін ақпараттандыру мақсатында интербелсенді тақтамен жұмыс жасау тиімді. Қазіргі уақытта еліміздегі балабақшалардың барлығында дерлік интербелсенді тақтамен қамтамасыз етілген. Жаңа ақпараттық технологияның негізгі ерекшелігі – бұл балаларға өз бетімен немесе бірлескен түрде ұжымдық шығармашылық жұмыспен шұғылдануға, ізденуге, өз жұмысының нәтижесін көріп, өз-өзіне сын көзбен қарауына және жеткен жетістігінен ләззат алуға мүмкіндік береді. Ол үшін педагог өткізетін іс-әрекеттің түрін дұрыс таңдай білуі қажет. Қазіргі кезде оқыту үрдісіне заманауи технологияларды кеңінен енгізу – сапалы білім берудің алғышарты болып отыр. Интербелсенді тақта – бұл ақпараттық-коммуникациялық технологиясының қосымша құрылғыларының бірі және де ақпараттық бейнесі мен қарапайым маркер тақтасын біріктіретін құрылғы. Ескі үлгідегі тақтаның, тақта мен магниттің орнына жаңа интербелсенді тақталар келуде. Оның ішінде интербелсенді тақта проекторымен бірге, кез-келген жерден жүргізуге арналған сенсорлы қалам бар. Сенсорлы қалам кәдімгі магниттің қызметін атқарады[4].

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану педагогтың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге, балалардың психологиялық дамуының сан алуан жақтарына оң әсерін тигізуге ықпал етеді. Оларды қолдана отырып дамыту сабақтар анық және серпінді болады. Сонымен қатар ақпараттық-инновациялық технологиялардың ішіне робототехниканы жатқызуымызға болады.

Робототехника - баланы жан – жақты дамытатын жаңашыл бағыттың бірі. Робототехника баланы шыдамдылыққа, зеректікке, ынталылыққа, ой ұшқырлығына, сабырлылыққа, жылдамдыққа, нәтижелілікке баулиды. Заманауи балалар заман талабына сай ғылыми – техникалық прогреспен бірге дамып келеді. Жаңа заман баласы әрі зеттеуші, әрі өнертапқыш болып келеді. Қазіргі уақытта техникамен әлемді басқарып келеді десек болады, ал робототехника үйренген балалардың болашағы зор болмақ. Мектепке дейінгі ұйымда робототехниканы қолдану балалардың зияткерлігін дамыту үшін таптырмас тамаша құрал болып табылады. Конструкторлық модельдермен жұмыс кезінде балалардың ойлау қабілетін дамыту мәселесі ескеріледі. Ойлау – бұл адамға берілген тапсырманы шешетін психикалық процесс. Ойлаудың көмегімен балалар білім алады, міне сондықтан оны бала кезінен бастап дамыту өте маңызды. Конструкторлық модельдер көмегімен балалар бақылап, салыстырып, бөліп алып, жіктеп, қорытынды жасап, логикалық ойлауын дамыта алады[5].

Осы робототехникаға байланысты балабақшада «Ғарыш әлемі»тақырыбы бойынша лего-конструкторлар арқылы робот-зымыран жасадық. Үлкен экраннан алдымен балаларға қысқа бейнематериал көрсетіліп, лего-конструкторлар берілді. Алдымен робот-зымыранды жасамас бұрын балаларға еркіндік бере отырып кезекпен LEGO-конструктор бөлшектерін өздері таңдап алды. Ары қарай еріктері бойынша робот-зымырандарын құрап шықты. Балалар үшін робототехниканың құралдарымен жұмыс жасау балалардың үлкен қызығушылығын тудырды.

Мектепке дейінгі білім берудегі робототехниканың маңызы:

- конструкторлардың ұсақ бөлшектерімен жұмыс жасай отыра, ұсақ моторикасын дамытады;
- жұмыс барысында қажетті әртүрлі ұзындықтағы балкаларды жинақтай отырып, математика және есептеу дағдыларын қалыптастырады;
- құрастыру дағдысын дамытады;
- топпен жұмыс жасауды үйренеді, шығармашылық ойлау қабілеттері дамиды.

Ойымызды қорытындылай келе, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану арқылы педагог оқу іс-әрекетін тартымды және заманауи етуге, көрнекіліктерді қолдана отырып танымдық және шығармашылық міндеттерді шешуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім беруде ақпараттық – коммуникативтік технологияларды қолдану педагогтың шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашып, мектепке дейінгі жастағы балалардың психикалық дамуының әртүрлі жақтарының дамуына оң әсерін тигізеді.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Бөрібаев Б, Балапанов Е. Жаңа ақпараттық технологиялар. – Алматы, 2001.
2. *Езопова С.А.* Предшкольное образование, или Образование детей старшего дошкольного возраста: инновации и традиции//Дошкольная педагогика. №3. 2014. – С. 17-24
3. Использование современных информационных и коммуникационных технологий в учебном процессе: учебно-методическое пособие / Авторы-составители: *Д.П. Тевс, В. Н. Подковырова, Е. И. Апольских, М. В, Афонина.* – Барнаул: БГПУ, 2006
4. Интерактивті әдістер құқықтық білім беруді жаңарту құралы ретінде // Білім берудегі инновациялар. - 2011. - N 1. - S. 81-87
5. LEGODigital Designer атты 3Dмодельдеу бағдарламасы. EV3-дің үлгісіндегі құрал. 2018 ж